 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-26 Бас. № 1 5 беттің 1-беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №7 ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

«18» наурыз 2026 жыл

Отырыс форматы: онлайн/оффлайн

Отырыс басталуы: 15:00

Қосылуға

сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/83070732070?pwd=xXwQ7O04OsTD4prLQpkka0Jd6bbtV4.1>

Отырыс материалдарына сілтеме: <https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/>

Қатысқандар:

1. ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова
2. ОӘБ төраға орынбасары Б.С.Имашева
3. ОӘБ мүшесі, «Астана медицина университеті» КеАҚ проректоры А.К. Досанова
4. ОӘБ мүшесі, Стоматологиялық бейіндегі бағдарламалар жобаларын басқару тобының төрағасы В.Р.Деточкина
5. ОӘБ хатшысы А.М. Тулегенова

Мүшелер: Оқу-әдістемелік бірлестіктің 51 мүшесі (нысан-Google Forms/QR кодының нәтижелері коса беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білімнің білім беру бағдарламаларына түскен студенттер үшін өтпелі оқу жоспарын талқылау және қарастыру – баяндамашы: Жоғары білім беру секциясының төрайымы А.К. Досанова.


2. Интернатура түлектерінің резидентураға түсуінің ықтимал траекторияларын қарау – баяндамашы: «Семей медицина университеті» КеАҚ Дипломнан кейінгі білім беру мектебінің деканы Ж.А. Мұсабекова.

3. Platonus АҚ әзірлеген резидентураның цифрлық платформасының жұмысын қарау – баяндамашы: ҚР ДСМ Адами ресурстар ғылымы департаменті медициналық білім беру басқармасының басшысы А.К. Изденов, қосымша баяндамашы Platonus Consulting компаниясының директоры А.Р. Буранбаев.

4. Магистратураның икемді модельдерін (1 және 2 жылдық бағдарламалар, модульділік, project-based learning) және «concentration tracks» (магистратура бағдарламасы ішіндегі мамандандыру тректері) енгізу мүмкіндігін қарастыру - баяндамашы: «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректоры В.П. Риклефс.

5. Әр түрлі

5.1. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21847 болып тіркелген) – баяндамашы Қосымша және бейресми білім беру секциясының төрағасы А.А. Султангазиева.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-26 Бас. № 1 5 беттің 2-беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

5.2. «Ересектер онкологиясы», «Химиотерапиялық онкология» мамандықтарының білім беру бағдарламаларын біріктіруді талқылау - баяндамашы ҚазОРҒЗИ Төрағасының орынбасары А.М.Молдашева.

1-сұрақ.

2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білімнің білім беру бағдарламаларына түскен студенттер үшін өтпелі оқу жоспарын талқылау және қарастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

2022, 2023, 2024 және 2025 жылдары жоғары медициналық білімнің білім беру бағдарламаларына түскен студенттер үшін өтпелі оқу жоспарын талқылау және қарастыру бойынша Жоғары білім беру секциясының төрайымы А.К. Досанова баяндады (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, «Хирургия» комитетінің төрағасы Фурсов А.Б., Platonius Consulting компаниясының директоры Боранбаев А.Р., Жоғары білім беру секциясының төрайымы А.К. Досанова, «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ ректорының кеңесшісі С.Қ.Мұратбекова, «University Medical Center» корпоративтік қоры ғылым және білім департаментінің директоры А.А. Сыздықова, ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы С.С. Бейсенова, ҚР ДСМ Адами ресурстар ғылымы департаменті медициналық білім беру басқармасының басшысы А.Қ. Изденов, ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары Ұ.Ә. Нұралиева, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» МЕББМ академиялық қызмет жөніндегі проректоры А.С.Кусаинова, ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т.Рахымжанова.

ШЕШІЛДІ:

Кейіннен интернатурасы бар базалық медициналық білім беру моделі бойынша «Медицина», «Педиатрия» және «Стоматология» білім беру бағдарламаларын іске асыруды көздейтін оқуды жалғастыратын білім алушылар үшін интеграцияланған медициналық білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асырудың өтпелі жоспарының ұсынылған редакциясын қолдау (оқуды аяқтағаннан кейін 5 жыл бакалавриат дипломы + интернатураны бейіндеудің 6 курсынан кейін дәрігер біліктілігін бере отырып маман сертификаты).

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **36 дауыс**

«қарсы» - **1 дауыс**

«қалыс қалды»- **13 дауыс**


2-сұрақ.

Интернатура түлектерінің резидентураға түсуінің ықтимал траекторияларын қарау.

ТЫНДАЛДЫ:

Интернатура түлектерінің резидентураға түсуінің ықтимал траекторияларын қарау туралы «Семей медицина университеті» КеАҚ Дипломнан кейінгі білім беру мектебінің деканы Ж.А. Мұсабекова сөз сөйледі (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-26 Бас. № 1 5 беттің 3-беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, «University Medical Center» корпоративтік қоры ғылым және білім департаментінің директоры А.А. Сыздықова, педиатриялық бейіндегі бағдарламалар ЖБТ төрағасының орынбасары Г.Т.Тәшенова, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ ректоры Б.Н.Көшерова, «Семей медицина университеті» КеАҚ Дипломнан кейінгі білім беру мектебінің деканы Ж.А. Мұсабекова, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ ғылыми-клиникалық жұмыс жөніндегі проректоры Б.Қ. Нұрмашев, «Академик Б.О. Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы» АҚ басқарма төрағасының ғылым және дипломнан кейінгі білім жөніндегі орынбасары Жантелиева Л.А., «М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мектебінің деканы Р.Е. Нұрғалиева

ШЕШІЛДІ:

Жалпы, 2026 жылдан бастап бейінді интернатурадан резидентураға түсу траекториясының жобасы (одан әрі талқылаумен) бекітілуге қабылданын.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **23 дауыс**

«қарсы» - **3 дауыс**

«қалыс қалды»- **24 дауыс**

3-сұрақ.

Platonus АҚ әзірлеген резидентураның цифрлық платформасының жұмысын қарау.

ТЫНДАЛДЫ:

Platonus АҚ әзірлеген резидентураның цифрлық платформасының жұмысын қарау бойынша ҚР ДСМ Адами ресурстар ғылымы департаменті медициналық білім беру басқармасының басшысы А.К. Изденов, Platonus Consulting компаниясының директоры А.Р. Буранбаев баяндады (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, ҚР ДСМ Адами ресурстар ғылымы департаменті медициналық білім беру басқармасының басшысы Изденов А.Қ., «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ білім беру бөлімінің бастығы Мәденов А.М., «University Medical Center» корпоративтік қоры ғылым және білім департаментінің директоры Сыздықова А.А., Platonus компаниясының бас директоры Бутумбаев С.Б.


4-сұрақ.

Магистратураның икемді модельдерін (1 және 2 жылдық бағдарламалар, модульділік, project-based learning) және «concentration tracks» (магистратура бағдарламасы ішіндегі мамандандыру тректері) енгізу мүмкіндігін қарастыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Магистратураның икемді модельдерін (1 және 2 жылдық бағдарламалар, модульділік, project-based learning) және «concentration tracks» (магистратура бағдарламасы ішіндегі мамандандыру тректері) енгізу мүмкіндігі бойынша «Қарағанды медициналық университеті» КеАҚ стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор В.П. Риклефс баяндады (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-26 Бас. № 1 5 беттің 4-беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, Ғылым және білім департаментінің директоры «University Medical Center» корпоративтік қоры Сыздықова А.А., ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаменті директорының орынбасары Нұралиева Ұ.А., «М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Әбенова Н.А.

ШЕШІЛДІ:

Магистратураның икемді модельдерін (1 және 2 жылдық бағдарламалар, модульділік, project-based learning) және «concentration tracks» (магистратура бағдарламасы ішіндегі мамандандыру тректері) енгізудің іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **39** дауыс

«қарсы» - жок

«қалыс қалды»- **9** дауыс

5- Әр түрлі.

5.1. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:


Қосымша және бейресми білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы баяндады (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

ОӘБ төрағасының орынбасары Имашева Б.С., Ғылым және білім департаментінің директоры «University Medical Center» корпоративтік қоры Сыздықова А.А., «Академик Н.Д.Батпенев атындағы Травматология және ортопедия ұлттық ғылыми орталығы» РМК білім бөлімінің меңгерушісі К Долгов А.А.

ШЕШІЛДІ:

«Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына ұсынылатын өзгерістерді одан әрі қарау үшін ҚР ДСМ Ғылым және адами ресурстар департаментіне жолдансын.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-26 Бас. № 1 5 беттің 5-беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - **46** дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды»- **2** дауыс

5.2. «Ересектер онкологиясы», «Химиотерапиялық онкология» мамандықтарының білім беру бағдарламаларын біріктіруді талқылау.

ТЫНДАЛДЫ:

«Ересектер онкологиясы», «Химиотерапиялық онкология» мамандықтарының білім беру бағдарламаларын біріктіру бойынша «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ Төрағасының орынбасары А.М.Молдашева баяндады. (презентация қоса беріледі).

ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

ОӘБ төрағасының орынбасары Имашева Б.С., «Хирургия» комитетінің төрағасы А.Б. Фурсов, «Ұлттық ғылыми онкологиялық орталық» ЖШС білім беру бөлімінің бастығы А.А. Жүкібаева, «Академик Н.Д. Батпенев атындағы Травматология және ортопедия ұлттық ғылыми орталығы» РМК директорының ғылыми жұмыс және білім беру жөніндегі орынбасары Д.А. Сағинова, директор «University Medical Center» корпоративтік қоры Сыздықова А.А.

ШЕШІЛДІ:

Ұсынылған ұсыныстар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаментіне жолдансын.

РОӘК ОӘБ төрағасы

Хатшы



А.А. Турмухамбетова

А.М. Тулегенова

